

**№9 «Көлтоған» жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік
мекемесінде**
**кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың
алдын-алу мақсатындағы 2023-2024 оқу жылындағы жұмыс жоспарына сәйкес**
КАПБ КТІЖБ инспекторы және жоғарғы 8-11 сыныптар аралығындағы
оқушылармен бірге өткізілген жиналысының ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні : 14.02.2024ж

Қатысқандар: 138

Амангелді ауылы

Күн тәртібі:

- 1. Жиналысқа келген қонақтарды таныстыру (МДТІЖО Джорабеков К)**
- 2. «Абайлаңыз балалар» , «Құқықтық сауаттылық» тақырыптарында (АПБ ЖПҚ ЮПТ аға инспекторы , полиция майоры Т.Қоштаев)**
- 3. Басқада мәселелер бойынша . (МДТІЖО Джорабеков К.)**

Тыңдалды:

Келес аудандық полиция бөлімінің ЖПҚ ЮПТ аға инспекторы полиция майоры Қоштаев Тойлыбай «Абайлаңыз балалар» , «Құқықтық сауаттылық» тақырыптарында баяндама жасады. Баяндама барысында аудандағы болып жатқан жол көлік оқиғалары, жолда жүру ережелерін сақтамағандығы кезіндегі апаттық оқиғалар және жасөспірімдер арасында жасалған қылмыстар, олардың түрлері жайлы айтып деректер келтіріп өтті. Келтірілген деректер барысында жастар жағынан жолда жүру ережелерін жетік меңгермегендіктері, заң білмеушілік, жастық жағынан жіберілген қателіктерін көрсете отырып айтты. Ауылдық жерлерде жастар тарапынан жіберілетін қателіктер жайлы да, оларды болдырмау жайлы тәрбиелік әңгіме айтып өтті. Баянат барысында оқушыларға, жиынға қатысушыларға қазіргі кезде жол көлік оқиғалары өте көп кездесіп жатқандығын, соның ішінде жасөспірімдердің жолда жүру ережелерінің жетік білмегендіктерінің салдарынан зардап шегіп жатқандарын ескертті. Оқушылармен келіп сұхбат жүргізудің басты мақсаты жолда жүру кезінде барлық ережелерді сақтауға шақырып, Балалардың өмір қауіпсіздігінің алдын алу екендігін айтты. Айта келе оқушыларды қай уақытта да тәртіп сақтауға, жат әрекеттерден сақтануға, көшеде түнгі мезгілде жүрмеуге, ортасын құрметтеуге шақырды. Ұлтымызды , тілімізді, дінімізді сақтап қалу алдағы уақытта болашақ ұрпақ сідердің қолдарыңызда деп өз сөзін қорытындылады.

Тыңдалды:

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К.Джорабеков оқушыларға «Абайлаңыз балалар!» тақырыбында мектепішілік өткізілген тәрбие сағаттарындағы құқықтық кеңестер мен жолда жүру ережелерін қатаң сақтауға кеңес берді және оны орындау керектігін айтып сөз бастады. Құқық-бұзушылық және Заңға қайшы әрекеттер негізінен тәрбиесі қиын жастардан шығатынын айтып өтті. Ал, қиын бала дегеніміз ата-ананың қадағалауы нашар, ата-ананы сыйламайтын оқушылардан шығатындығын, осындай жағдайлардан келіп, жастар зиянды заттар тұтынып, беймезгіл уақытта жүріп, ұрлық әрекеттерге қол ұрып, жалпы құқықбұзушылыққа баратынын ескертіп өтті.

Шешім:

1. Оқушылардың және жастардың жолда жүру кезіндегі өмір қауіпсіздігін сақтау мақсатындағы түсіндірме жұмыстар, құқықбұзушылыққа байланысудың және жасөспірімдер арасындағы түнгі қаңғыбастықтың алдын-алу мақсатында қосымша жұмыстар жүргізу қадағалансын;
2. КТІЖБ инспекторлары, ата-аналар және ұстаздар тарапынан оқушылар мен жастарға қадағалау жұмыстары күшейтілсін.

Мектеп директоры : _____ Қ.Турсынбекова

Мектеп директорының
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: _____ Қ.Джорабеков

КАПБ ЖПҚ ЮПТ инспекторы: _____ Т.Қоштаев

Хатшы : _____ М.Оңғар





